# «ЖЕКЕ КАБИНЕТ» ПАЙДАЛАНУШЫСЫНЫҢ ЖАДЫНАМАСЫ

Алматы, 2023 жыл

# ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**«Жеке кабинетте» электрондық қызметтерді мынадай:**

салымшыда (алушыда) қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған

«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасынан (бұдан әрі – ЖТ МДБ) салымшының (алушының) қолданыстағы жеке басын куәландыратын құжаттың бар екені расталған **жағдайларда пайдалануға болады**

24/7 Қызмет салымшыға (алушыға) тәулік бойы (Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты (БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДБ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда) қолжетімді

**БЖЗҚ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНДАҒЫ «ЖЕКЕ КАБИНЕТ» БӨЛІМІ МЫНА МҮМКІНДІКТЕРДІ БЕРЕДІ:**

- Жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме жасау
- ЖЗШ бар екені туралы анықтама алу
- Деректемелерге/банктік деректемелерге өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу
- Болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеу
- Төлемге/аударуға/банктік деректемелерді өзгертуге берілген өтініштердің мәртебесін қадағалау
- Зейнетақы төлемдерін алуға өтініш беру:
  - МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен мерзімсіз белгіленген 1- немесе 2-ші топ мүгедектігі болған кезде;
  - ЕЗЖ есебінен:
    - 50 жасқа толған адамдар;
    - мүгедектігі бар адамдар
- Инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) таңдау (өзгерту) туралы немесе ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініш беру
- ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару туралы бұрын берілген өтініштің күшін жою

# «БЖЗҚ» АҚ САЙТЫНДА САЛЫМШЫНЫҢ (АЛУШЫНЫҢ) АВТОРЛАНУЫ

**«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті пайдаланушыға екі тәсілмен авторлануға мүмкіндік береді:**

ЭЦҚ арқылы

логин (ЖСН) және пароль арқылы



# ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ І-ші ТӘСІЛІ

## ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы авторлану

Қызметке қол жеткізу үшін салымшының (алушының) міндетті түрде авторлануын қажет етеді.
ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі - БҚ) болуы міндетті.
*Орнатылған БҚ болмаған жағдайда орнату файлын NCALayer БҚ арқылы жүктеп алуға болады. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушының нұсқамасы ҚР Ұлттық куәландыру орталығының сайтында мына сілтеме [https://pki.gov.kz/ncalayer/](https://pki.gov.kz/ncalayer/) бойынша қолжетімді.*

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (файл сертификаты деп аталатын), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалог терезесін басып, осы файлға жолды көрсету керек.

Интернет-ресурста авторлану үшін аудентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет екенін ескергеніңіз жөн (файл атауы **AUTH_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, диалог терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу қажет. java-апплет файлға рұқсат алу үшін пайда болған диалог терезеде кілт сақталған жерден парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басып, содан соң «Қол қою» батырмасын басу арқылы өзіңіздің іс-әрекетіңізді растауыңыз қажет.



# ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ II-ші ТӘСІЛІ

## ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ

Пайдаланушылар сайтта өз бетінше тіркеледі және сайтта әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль қояды. Тіркелу үшін тиісті бөлімше нысанында өзінің деректемелерін көрсету керек:

*Сайтта тіркелу (1-қадам)*

**ЖСН және пароль**




[ 1 ] **Батырманы басу**

[ 2 ] **ЖСН енгізу және тексеруден өту**

[ 3 ] **Код жіберу үшін байланысты таңдау**

[ 4 ] **Алған код пен парольді енгізу**

* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі болуы тиіс

# ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ ІІ-ші ТӘСІЛІ

## ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ

Егер БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде (АЖ) енгізілген деректемелер бойынша салымшы (алушы) табылмаса, онда тиісті қате экранға шығады. Сәйкестендіру сәтті өткен жағдайда, пайдаланушының көрсеткен ұялы телефон нөміріне/электрондық пошта мекенжайына бір реттік пароль берілген хабарлама жіберіледі.

### *Бір реттік парольді пайдалану (2-қадам)*

1




! Әрі қарай, экранда деректерді енгізуге арналған терезе пайда болады, оған пайдаланушы алған бір реттік парольді енгізуі және Жеке кабинетке кіру (авторлану) үшін жаңа пароль қоюы қажет.

2




Бір реттік парольдің қолданылу мерзімі - 15 минут. Бұл уақыт өткеннен кейін қате туралы тиісті хабарлама шығады. Бұл жағдайда тіркеу рәсімін қайта жүргізу қажет.

3




***Ескерту:*** *БЖЗҚ АЖ-да қайталанатын ұялы телефондар мен электрондық мекенжайлар болғандықтан, ақпараттық қауіпсіздік аясында тиісті тексеру жүргізіледі. Байланыс деректемелері басқа салымшылардың (алушылардың) байланыс деректемелерімен сәйкес келетін салымшылар (алушылар), авторлану кезінде, қате туралы хабарлама алады.*

# «ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ» СӘТТІ АВТОРЛАНУ

«Жеке кабинетте» авторлану сәтті орындалған жағдайда, экранға жеке тұлғаның кабинеті көрсетіледі. Әдетте жеке ақпарат және зейнетақы жинақтары туралы өзге де мәліметтер ашылады:



БжЗқ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

# Рақмет!